

«АСПАПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ» ПӘНІНДЕ ДОМБЫРАДА ОРЫНДАУШЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

П. з. магистрі Қамза Г. Б.

Қазақстан, Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, аға оқытушы

Abstract. *The subject "Instrumental preparation" gives the chance to learn the interest in folk art, musical regularities and musical knowledge by means of formation at future specialists of elementary school of the esthetic point of view. Musical knowledge and methods also provides to help in receiving quality education of students.*

Keywords: *nationally tool, dombra, performance, traditional schools of a dombra.*

Қазақстанда білім берудің бүкіл жүйесін ұлттық негізде қайта құру жағдайында болашақ бастауыш сынып мамандарын ұлттық музыка өнеріне, соның ішінде ұлттық аспаптарда ойнауға қызығушылығын арттыру және оны тереңірек меңгерту қажеттігі туындайды. Білімгерлердің бойына ұлттық музыкалық шығармаларға деген сүйіспеншілік қасиеттерді дарыту, көркемдік сезімталдығын арттыру домбыра аспабында ойнау талғамының дамуына зор үлесін қосары абзал.

«Домбыра – қазақтың қасиетті дүниесі. Оны тарта алмасаң да, қадірлей біл. Себебі, баланың бойына халықтың рухани байлығын сіңіру домбырадан басталады. Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала, уызына жарымаған көтерем қозыдай болады. Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын білмейді. Ал халықтың жанын түсінбеу деген тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып сая да болмайды, жеміс те бермейді» – деген Бауыржан Момышұлы.

Домбыраның көмейінен күңірене құйылған күй, оған қабаттаса шыққан үн, пернеден қосылған дыбыс асыл сөздердің маржаның жинаған және оны кеудесіне сыйғыза білген көненің көзі.

«Аспаптық дайындық» пәнінен білім алушы 5В010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттері үшін осы талаптар басты назарға алынған. Пән бойынша өткізілетін зертханалық сабақтар оқу үрдісінің мәні зор формасы болып табылады және оқу жоспарында бекітілген сағаттар көлемінде жүзеге асырылады.

«Аспаптық дайындық» пәнінің мақсаты - болашақ бастауыш сынып мамандарының теориялық білімін бекіту, музыкалық аспаптарда орындау шеберліктері мен дағдыларын іс жүзінде қалыптастыру, музыкалық сауаттылықты тереңдету және музыкалық қабілетті дамыту (есту, ырғақ, еске сақтау, т.б); музыкалық шығармалармен кәсіби жұмыс дағдысын қалыптастыру; музыкалық-көркемдік талғамға, бейнелі ойлауға, қиялдауға үйрету, әр дәуірдегі әр түрлі халық композиторларының музыкалық мұраларымен таныстыру, музыкалық-педагогикалық мәдениетінің негізі мен эстетикалық сезімін қалыптастыру, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді қастерлей білетін жеке тұлға тәрбиелеу.

Студенттерді бастауыш сынып оқушыларын музыкадан оқыту барысында туындайтын музыкалық тәрбие міндеттерін кәсіби деңгейде шешу үшін қажет болатын музыкалық білім негіздерімен қамтамасыз ету үшін әр түрлі әдіс-амалдар қарастырылады.

Домбырада ойнау еңбектің үлкен түрі деуге болады. Аспаптың басты мақсаты: біріншіден ойнауға үйретсе, екіншіден, домбыраны қағу мен пернесін басуға үйретеді, үшіншіден, дыбысы мен сөз саптауларына мән беріп ойлау жүйесін дамытады. Ал, өлең сөздері мен музыка үні есте ұстау қабілетін жетілдіріп, санасын оятады. Демек, домбыра тарту еңбек пен ой жүйесін дұрыстауға, үнін естіп сөз құрауға, жаттаған өлеңдерін мәңгі жадына ұстауға жетелейді. Ата-баба ұстаған бұл киелі домбыраны меңгеру арқылы өскелең ұрпақты музыкалық және шығармашылық қасиеттер мен қабілеттерге икемдеп тәрбиелеуге болады. Өйткені, ата-бабалардың нақыл сөздері, ән-күйлері, жыр мен толғау өсиеттері, айтыс, дастан сияқты ұшан теңіз мәдени мұралары бізге домбыра аспабы арқылы жеткені мәлім.

Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығын таңдап, білім алуға

келген талапкерлердің музыкалық білімдері оқуға қабылданған кезде тексерілмейді. Сондықтан, «Аспаптық дайындық» пәнінде домбыра тартып үйренудің мынандай әдістерін қолданамын:

- *домбыраны цифрлық әдіспен үйрену*: есте сақтау қабілеті қалыптаспаған үйренушіге тиімді әдіс. Бұл тез үйренумен қатар нота сауатын қажетсіздейтін домбырашыға арналады. Сонымен қатар жас балаларға үйрету кезеңінде нота уақыт алады, әрі көңілі бөлініп қол қойылымы, отырысын бағдарлай алмайды.

- *құйма құлақ* әдісінің ғасырлық тарихы бар. Үйрету әдісінің қиыны, бірақ ең тиімдісі.

- *нотамен үйрену*: музыкалық білім сауаты арқылы домбыра тартуды үйрену тәсілі.

Әліппеден басталатын білімнің кілтін ашуда әріптермен қатар домбырада ойнап, оны үйрену мен меңгерудің маңызы зор. Ата - бабаның ұрпақтан - ұрпаққа аманат етіп қалдырған мұраларын жоғалтпай жеткізген киелі домбыраны меңгеру, білу-дәстүрлі салтты жалғастыру деген сөз. Домбыраның сиқырлы үні мен тілінде адамға тән үн мен қасиет бар. Домбыраны цифрлық әдіспен үйрену әдісіне тоқталатын болсақ, ноталық жүйе және құйма құлақтық әдістерге қарағанда, цифрлық жүйемен домбыра үйрену зерек өнер сүйер адамзат баласына аз уақыт ішінде мол нәтиже беретін нақтылы тәсіл. Домбыраны цифрлық жүйе бойынша тартуды үйрену үшін алдымен оқушыны аспаппен таныстыруды домбыраның құрылысынан бастаймыз (басы, мойыны, шанағы, құлақтары, пернелері, кіші тиек, үлкен тиек, ішектері).

Екінші кезекте, домбыраның құлақ бұрауы жөнінде және бұрау мен құлақ күйі деген түсініктердің мән-мағынасын ашамыз. Келесіде оқушының орнықты әрі ыңғайлы отырып, қолдарының еркін қимылдап, домбыраны дұрыс тартуына мүмкіндік тудыру мақсатында адамның дене мүшелерінің атаулары туралы жалпы түсінік береміз. Аталмыш мәліметтерді сіңіргеннен кейін, студентті домбыра тартуға дайындаймыз, яғни қойылым тәртібін игеру, соның ішінде ең маңызды бөлігі, оң және сол қол қойылымдары, сол қолдың таңбалануы, оң қолдың таңбалануы туралы толық түсіндіру қажет. Домбыраны алғаш меңгеру барысында қолдарын еркін әрі бос қозғалтып үйренуі үшін әуелі ашық ішектегі қағыстардан бастаймыз сонымен қатар, қағыс жөнінде, олардың бағыты мен белгіленуі жөнінде мағлұмат беріледі. Өртүрлі бағыттағы қағыстарды меңгергеннен кейін, перне басып ойнауға арналған жаттығулар топтамасы (бас, орта буындарда, кіші, үлкен сағаларда) үйретіледі. Бұл жаттығуларды меңгеру барысында білімгер қағыстарды, сол қолдың аспап пернелерінде орналасу тәртібі жайында түсінік алады. Жаттығулар домбыра тартуды үйренушінің аспапты біртіндеп меңгеруіне бағытталған. Келесі кезекте, білімгердің қабылетіне, аспапты меңгеру деңгейіне қарай қарапайым әндерден бастап, күйлерге дейін күрделене түседі.

Домбыра тартуды үйрету – кәсіби өнер саласында ұдайы дамып, ізденісте, дамуда келе жатқан үрдіс.

Домбыра аспабында ойнау, болашақ мұғалімдерге өзінің оқу міндеттерін орындаумен қатар, кәсіби орындаушылық өнердің әдіс-амалдарын үйрену арқылы музыкалық шығармаларды өздігінше талдап, алғашқы сабақ беру әдістемесін меңгеруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Г.Б.Қамза "Аспаптық дайындық" Оқу құралы. Алматы, 2012 ж
2. Г.Б.Қамза; А.А.Бейсембаева; А.Қ.Ержанов «Домбыра үйрену әдістемесі» Оқу құралы. Алматы, 1998ж
3. А.Жайымов; С.Бүркітов; Б.Ысқақов. Домбыра үйрену мектебі. Алматы, «Өнер» 1992 ж.
4. К. Сахарбаева « Домбыра үйрету әдістері» Алматы «Издатмаркет» 2006
5. Ж. Еңсепов «Домбыра философиясы» Алматы 2007
6. Қасқабасов С. А «Қазақ өнерінің тарихы» Алматы «Өнер» 2008
7. Қоңыратбай Т. «Музыка өнері» Алматы «Өлке» 2009